

Шымкент қаласында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 26 шілдедегі № 687 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 8 тамызда № 4180 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 28 ақпандағы № 102 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 28.02.2018 № 102 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабының 7), 8), 9) тармақшаларына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабына сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.
3. Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 3-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

4. Шымкент қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 17 тамыздағы № 1783 "Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3843 нөмірімен тіркелген, 2016 жылы 9 қыркүйекте "Шымкент келбеті" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын жүзеге асыру Шымкент қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Б.Қуанышбековке жүктелсін.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары Г.Құрманбековаға жүктелсін.

7. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Ф.Әбдірахымов

Шымкент қаласы әкімдігінің
"26" шілде 2017 жылғы
№ 687 қаулысына 1 қосымша

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленетін ұйымдардың тізімі

№	Ұйымның атауы	Жыл басындағы жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның көлемі (%) (жұмыскерлердің тізімдік санының)
1.	"Оңтүстік Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі	59	2
2.	"Оңтүстік Қазақстан облыстық шаруашылық жүргізу құқығындағы "Оңтүстік жолдары" жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	148	2
3.	"Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі	71	2
4.	Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 7 Шымкент қалалық емханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	459,25	2
5.	Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 4 Шымкент қалалық емханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	256,5	2
6.	Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық туберкулезге қарсы диспансері" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	363	2

7.	Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық СПИД-тің алдын алу және онымен күресу орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	175,25	2
8.	Оңтүстік Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Облыстық тіс емдеу емханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	196,5	2
9.	Оңтүстік Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Қарлығаш" облыстық балалар туберкулезге қарсы санаторийі" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын	105	2
10.	Оңтүстік Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық консультативтік-диагностикалық медицина орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	237	2
11.	"Шымкент қаласының Әл-Фараби ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	77	2
12.	"Шымкент қаласының Қаратау ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	69	2
13.	"Шымкент қаласының Абай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	73	2
14.	"Шымкент қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	50	2
15.	Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының "Табиғат қорғау" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	110	2
16.	"Шымкент қаласы орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	85	2
17.	"Шымкент қаласының орталықтандырылған балалар кітапханаларының жүйесі" мемлекеттік мекемесі	53	2
18.	Шымкент қаласы әкімдігінің "Шымкент қалалық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	63	2
19.	Шымкент қаласы әкімдігінің "Шымкент мемлекеттік зоологиялық саябағы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	129	2
20.	"ВИЗит алкогольсіз сусындар зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	184	2
21.	"КазТрансГазӨнімдері" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Шымкент өндірістік филиалы	196	2
22.	"ЛТД-Тұрмыс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	883	2
23.	"Шымкент мұнай өнімдері" акционерлік қоғамы	187	2
24.	"Оңтүстік жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	105	2

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленетін ұйымдардың тізімі

№	Ұйымның атауы	Жыл басындағы жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның көлемі (% жұмыскерлердің тізімдік санының)
1.	"Оңтүстік Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі	59	2
2.	"Оңтүстік Қазақстан облыстық шаруашылық жүргізу құқығындағы "Оңтүстік жолдары" жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	148	2
3.	"Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі	71	2
4.	Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 7 Шымкент қалалық емханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	105	2
5.	Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "№ 4 Шымкент қалалық емханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	256,5	2
6.	Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық туберкулезге қарсы диспансері" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	363	2
7.	Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық СПИД-тің алдын алу және онымен күресу орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	175,25	2
8.	Оңтүстік Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Облыстық тіс емдеу емханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	196,5	2
9.	Оңтүстік Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Қарлығаш" облыстық балалар туберкулезге қарсы санаторийі" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын	237	2
10.	Оңтүстік Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық консультативтік-диагностикалық медицина орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	376,5	2
11.	"Шымкент қаласының Әл-Фараби ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	459,25	2
12.	"Шымкент қаласының Қаратау ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	73	2
13.	"Шымкент қаласының Абай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	77	2

14	"Шымкент қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	69	2
15	Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының "Табиғат қорғау" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	50	2
16	"Шымкент қаласы орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	110	2
17	"Шымкент қаласының орталықтандырылған балалар кітапханаларының жүйесі" мемлекеттік мекемесі	85	2
18	Шымкент қаласы әкімдігінің "Шымкент қалалық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	63	2
19	Шымкент қаласы әкімдігінің "Шымкент мемлекеттік зоологиялық саябағы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	129	2
20	"ВИЗит алкогольсіз сусындар зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	184	2
21	"КазТрансГазӨнімдері" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Шымкент өндірістік филиалы	196	2
22	"ЛТД-Тұрмыс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	883	2
23	"Шымкент Мұнай Өнімдері" акционерлік қоғамы	187	2
24	"Оңтүстік жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	105	1

Шымкент қаласы әкімдігінің
"26" шілде 2017 жылғы
№ 687 қаулысына 3 қосымша

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленетін ұйымдардың тізімі

№	Ұйымның атауы	Жыл басындағы жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның көлемі (% жұмыскерлердің тізімдік санының)
1.	"Шымкент қаласының білім бөлімі №80 мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	350	2

